

Көрме

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайында батик өнерінің шебері Жанар Нұкетаеваның «Менің Жібек жолым» атты жеке көрмесі ашылды. Жанар Нұкетаева - психолог, философия ғылымдарының кандидаты, Ленинград Мемлекеттік университетінің түлегі.



# МҰРАЖАЙДАҒЫ «МЕНІҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМ»

Ол дипломат күйеуімен бірге өмірінің басым бөлігін Ливия, Мысыр, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі, Ұлыбритания елдерінде тұрды. Шығармашылық жолын да шетелде жүріп бастады. Ал 2003 жылы Сауд Арабиясында Индонезиялық шебер Палупимен

танысып, француздық «суық батик» жасау техникасын меңгереді. Жанар үнемі шығармашылық ізденіс үстінде. Батик жасау бойынша білімін Пәкістан, Шри Ланка, БАӘ шеберлерінен сабак алғып шындаған. Сол себепті де оның туындылары өзіндік бірегейлігімен ерекшеленеді. Жанар жасаған батиктерден түстердің жеңіл үйлесімін байқауға болады. Картиналардың тақырыптары да нәзік – «Мың бір түн», «Көгілдір алқаптағы бәйшешектер», «Жұмақ құстары», «Лотос гүлі». Жанардың жұмыстарынан өзі түрған көптеген елдердің мәдениетін, дәстүрін аңғаруға болады. Ол батик жасаудың ыстық және суық техникасын сондай-ақ, жібек маталар (жапондық, қытай және т.б.), бояу құралдары мен арнайы бояуларды жиі пайдаланады. Оның өз ісіне берілгендігі сондай, бос уақытын батик, оригами, табиғи тастардан әшекейлер жасауға жұмсайды.

Ж. Нұкетаева жібекті бейнелеумен қатар, космөнергетика саласының магистрі атағын және Рейк шебері деңгейін алған. Қазіргі уақытта Жанар адам санасын рухани тазартуға негізделген «Тета хилинг» техникасымен де айналысып жүр. Ол өзін басқа да салалар бойынша



шындауда атап айтсақ, әлем халықтарының үлттық тағамдары туралы кітап жазуда, қазақ халқының салт-дәстүрлөрі туралы кітапшалар дайындауда. Жібекке өрнек салу шебері Жанар Нұкетаева шын жүрекпен, таза ниетпен өзінің Жібек жолындағы шығармашылық әлемінде қалықтап жүр.

Бұл батик шеберінің алғашқы көрмесі. Онда 50-ден аса батик техникасымен жасалған картиналар мен авторлық зергерлік бұйымдар қойылған.

Вернисажға достары, туыстары және өнерді бағалаушылар келді. Көрменің ашылуында ҚР Орталық музей директорының орынбасары Фалия Темиртон, Индонезия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілтті Елшісі Рахмат Прамоно мырза сөз сөйледі. Индонезия мен Қазақстан сенімді серіктес болып табылады.

Көрменің ашылу күніне орай Индонезия елшісі Алматыға Джакартадан батик бойынша шебер Venni ханымды шақырды, ол қазақстандықтар үшін сыйлық ретінде бірнеше шеберлік-сабақтар өткізді. Келушілер Индонезиялық батик жасау технологиясының күрделі кезеңдерінен табысты өтті, ежелгі Индонезиялық ыстық батик техникасын үйренді. Шебердің басшылығымен әдемі шарфтар мен орамалдар жасалды.

Қазақстандағы Пәкістан консулы Басит Салем Шах мырза өз сөзінде Қазақстан мен Пәкістан ортақ мәдениетті, дін, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды, үқсан лексиканың үлкен қабатының болуын біркітірінін атап өтті. Көрме авторы Жанар Нұкетаева өз өмірі, отбасы, шығармашылығы, Жібек тарихы және көрме неге осылай аталғаны туралы айтып өтті. Батик, оригами бойынша шеберлік-сабағына және тета медитация кешіне шақырды.

Көрме аясында Индонезияның халық музыкалық аспаптарында орындалған қазақ шығармалары, Индонезияның, Пәкістанның өзіндік дәстүрлі билері көрермендердің қызығушылығын ояты.

Жанар Нұкетаева батик жасау техникасы бойынша тегін шеберлік-сабағын өткізді.

**Назира ЖЕКСЕНБЕКОВА,  
Сұлушаш АГЕЛЕУОВА,  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік орталық мұражайының  
қызыметкерлері**

